





Food and Agriculture
Organization of the
United Nations

СҮТТІ МАЛҒА АНТИБИОТИКТЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫ ҚАЛАЙ АЗАЙТУҒА БОЛАДЫ





Сүт өндірісін жақсарту/дамыту кезінде қол жетімді тұщы су, көлеңке, тыныштық және жақсы желдету жылу қысымын азайту, мастит, тыныс алу проблемалары және басқа да денсаулық мәселелерін жеңілдетуге көмектеседі.

Ауру адамдар көп болатын жерлерде оңай тарайды; бір жануарға жеткілікті орын қамтамасыз етіңіз. Орташа алғанда, бір сиырға шаққанда қажет қорадағы қажетті алаң 4,5-5,5 м² құрайды.




Вакцинация кейбір аурулардың алдын-алуда антибиотиктерге сенімді балама. Егу күнтізбесін дұрыс қадағалаңыз.

Кешенді биоқауіпсіздік бағдарламасын орындау аурудың пайда болу жиілігін төмендетеді.



Ылғал, балшық және көң - бұл аурулардың пайда болуы үшін жақсы орта. Пішен, үгінділер немесе жоңқа сияқты төсек жабдықтарын пайдаланыңыз, оны таза және құрғақ ұстаңыз, сонымен қатар маститтің, ақсақтық және тыныс алу органдарының ауруларының пайда болуын азайту үшін оны жиі ауыстырып отырыңыз.

Сиырлардың 2-3 айлық кезеңіндегі құрғақшылық кезінде тиісті қамқорлық жасау инфекциялардың алдын ала алады және лактацияға оң әсерін береді.



Сүт сапасы және желіннің саулығы сауу практикасымен тығыз байланысты. Сауар алдында емізіктерді және қолдарыңызды зарарсыздандырыңыз. Таза сауу жабдықтары мен шүберектерді қолданыңыз. Бұл маститтің таралуы қаупін төмендетеді.

Ауруларға төзімділікті қамтамасыз ету үшін бұзауды туылғанынан кейінгі алғашқы 4 сағатта кем дегенде 3 литр уыз сүтімен тамақтандырыңыз. Келесі 4 сағатта қосымша 2 литр ішілуі талап етіледі



Көптеген жоғары өнімді тұқым-тектер ауруларға бейімірек келеді. Егер мүмкін болса, сіздің өндірісіңіздің қоршаған ортасына жарасымды тұқым-текті таңдаңыз.

Жеткілікті мөлшерде ақуыздарды, энергия мен талшықты қамтамасыз ету үшін, өзіңіз соңғы және өзекті теңдестірілген тамақтану нұсқалары жөнінде хабардар болып отырыңыз. Бұл сіздің жануарларыңыздың денсаулығын сақтауға және күйзелісті азайтуға көмектеседі.



СҮТ ӨНДІРСІНДЕ АНТИБИОТИКТИ ТИІМДІ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ ТОЛЫҚ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН СКАНЕРЛЕҢІЗ

